

ӨНЕР – Әмірдің өзіндей мәңгілік


М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің «Мәдениет және спорт» факультеті «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында сәндік-қолданбалы өнер саласы бойынша «Өнер – әмірдің өзіндей мәңгілік» атты онлайн шығармашылық байқауын өткізді.

Байқауға қаладағы мектеп оқыщылары мен коллеж студенттері катысты. Нәтижесінде талантты өнерпаздар бірнеше номинация бойынша диплом және сертификаттармен марапатталды.

Казіргі таңда кафедрада 29 оқытушы ғылыми-ағарту, тәрбие жұмыстарымен айналысады. Олардың ішінде, 2 педагогика ғылымдарының докторы, 1 профессор, 5 педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, 1 ҚР Мәдениет

кайраткері, 3 ҚР Суретшілер оданының мүшесі, 10 ҚР Дизайнерлер одагының мүшесі, 12 магистр, 17 ага оқытушы қызмет атқарады.

Кафедраның жұмысын жақсарту мақсатында республика-мызбен қатар Ресей, Өзбекстанның алдыңғы қатарлы жоғарғы оқу орындарының көркем графика, дизайн факультеттерімен байланысын арттырып, олармен тығыз бірлестіктікте жұмыс істеуде. Мәселен, етken жылы



М.Әуезов атындағы ОҚУ Орталық Ланкашир университеттің (Ұлыбритания) бірлесе отырып, «Жетіасар» галереясында ұлттық нақыштағы шығармашылық онлайн-көрме өткізді. Көрмеге 45-тен астам оқытушылар мен студенттердің кескіндеме, сәндік өнер және киім дизайнны саласындағы шығармашылық жұмыстары қойылып, оны ТМД елдері мен алыс шетелдерден 100-ден астам катысушы онлайн тамашалады.

Көрмені университеттің Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректоры, п.ғ.д., ҚР Суретшілер және Дизайнерлер одақтарының мүшесі С.Бейсенбаев ашты. Ал көрме жұмысын «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының ага оқытушысы, п.ғ.к. Ш.Рсмаханбетова таныстырыды.

Айта кетейік, 2020 жылдың қазанында М.Әуезов атындағы ОҚУ мен Орталық Ланкашир уни-

верситеті арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Оның мақсаты – ғылым мен білімнің басым бағыттары бойынша ынтымактастық орнату.

Қ.ЖОЛДАСБЕКОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
«Бейнелеу өнері және дизайн»
кафедрасының
ага оқытушысы, п.ғ.к.

К.ЕСЕНБАЕВА,
ага оқытушы.
Л.ИБРАГИМОВА,
окытушы

